

«Baby City» ЖШС

«Бекітілді»
«Baby City» ЖШС директоры
Сулимова М.К.
19.09.2022 ж. №2 кезектен тыс
педагогикалық кеңестің шешімімен



**«Тілашар» вариативтік компонентінің
преспективалық жоспары
2022-2023 оқу жылы
«Қарлығаш» мектепалды тобы**

Атырау қаласы

Тілашар пәні бойынша перспективалық жоспар

Ай	№	Тақырыбы	Мақсаты:	Материалдар:	ҰОҚ-нің №
Қыркүйек	1	Сөйлеммен танысайық Сөздер мен дыбыстар	Балаларға сөйлем туралы түсінік беруді жалғастыру. Сөз, дыбыстар туралы ұғымдарды, сөздің дыбыстан құралатынын, дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде түсінік қалыптастыру. Балаларға айтылған сөздердің ұзындығын, қысқалығын қолмен өлшеп айыра білуге үйрету. «Менің отбасым» тақырыбында әңгімелесе отырып, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға, сөйлемдегі сөз санын анықтауға үйрету. Балалардың ой-өрісін, сөздік қорын, тілін дамыту. Қол жаттықтыру жұмыстарын жүргізу.	Суреттер, ойыншықтар, текшелер, «Тілашар» 5+ 1-бөлім, (Балапанның дәптері 4-8 беттер), жәй қарындаштар	№ 1 ҰОҚ
	2	Буын, сөз, сөйлем	Буын туралы түсінік беру. Балаларға дауысты, дауыссыз дыбыс ерекшелігін түсіндіруді жалғастыру. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру. Сөйлем құруға үйрету. Балалардың сөйлеу тілін жетілдіру, сөздік қорын байыту. Қол жаттықтыру жұмыстарын жүргізу.	Суреттер, ойыншықтар, текшелер, буындар, «Тілашар» 5+ 1-бөлім (Балапанның дәптері 9-11 беттер), жәй қарындаштар	№ 2 ҰОҚ
	3	Әріптер сыры А, Ә дыбыстары және әріптері	Балаларға дыбыстау арқылы әріптерді айтқыза отырып, әріптер сырын ұғындыру. А, Ә дыбыстарымен таныстыру. Жуан, жіңішке дыбыстарды айыруға, а, ә дыбыстарына сөз ойлауға, сөз тіркестерін құрастыруға үйрету. Зат атауын жекеше, көпше түрде айтуға баулу. Қол жаттықтыру жұмыстарын жүргізу.	Суреттер, А а, Ә ә әріптері, текшелер, «Тілашар» 5+ 1,2-бөлімдері (Балапанның дәптері 13-15 беттер), жәй қарындаштар	№ 3 ҰОҚ
	4	Т т дыбысы және әрпі	Т дыбысымен, әрпімен таныстыру. Нақты дыбысқа сөз ойлауға, сөйлем құруға, сөздерді буынға дұрыс бөлуге үйретуді жалғастыру. «Сүйікті ойыншықтар» тақырыбында әңгімелесе отырып, ойыншықтардың неден жасалғанын айтуға үйрету. Балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту. Қол жаттықтыру жұмыстарын жүргізу.	Суреттер, текшелер, Т т әрпі, «Тілашар» 5+ 1-бөлім (Балапанның дәптері 16-19 беттер), жәй қарындаштар	№ 4 ҰОҚ

Казан	5	П п дыбысы және әрпі	П дыбысымен, әрпімен таныстыру, дыбысқа сөз ойлауға жаттықтыру. Дыбыстық талдау жасауға үйрету. Сөйлемнің сөзден құралатынын бекіте отырып, сызбамен таныстыру, сөйлемге сызба сызуға үйрету. Сөз, буын, сөйлем ұғымдарын бекіту. Жеміс-жидектерді сипаттап айтуға, жәндіктерді жекеше, көпше түрде дұрыс айтуға үйретуді жалғастыру. Қол жаттықтыру жұмыстарын жүргізу.	П п әрпі, текшелер, «Тілашар» 5+ 1-бөлім (Балапанның дәптері 20-23 беттер), жәй қарындаштар	№ 5 ҰОҚ
	6	Н н, ң дыбыстары және әріптері	Н, ң дыбыстарымен, әріптерімен таныстыру, дұрыс дыбыстауға жаттықтыру. Дыбыстық талдау жасауды, дыбысқа сөз ойлауды бекіту. Сөйлемнің сөзден құралатынын бекіте отырып, сызбамен таныстыру, сөйлемге сызба сызуға, сызба арқылы сөйлем құруға үйрету. «Не қайда өмір сүреді?» тақырыбында әңгімелесе отырып, жануарлардың мекенімен таныстыру. Қарама – қарсы сөздерді айтуға үйретуді жалғастыру. Қол жаттықтыру жұмыстарын жүргізу.	Н н, ң әріптері, текшелер, «Тілашар» 5+ 1, 3-бөлімдері, (Балапанның дәптері 4-8 беттер), жәй қарындаштар	№ 6 ҰОҚ
	7	Ғғ, Гг дыбысы және әрпі	Ғ, Г дыбыстарымен, әріптерімен таныстыру. Ғ, Г дыбыстарына сөз ойлату, олардың сөздің басында, ортасында, соңында кездесетінін түсіндіру. Дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру. Мағынасы жағынан жақын сөздерді, яғни синонимдерді түсіндіру. «Алтын күз» тақырыбында әгімелеу барысында синоним сөздерді қолдануға үйрету. Қол жаттықтыру жұмыстарын жүргізу.	Ғ ғ, Г г әріптері, текшелер, «Тілашар» 5+ 1,4-бөлімдері, (Балапанның дәптері 29-32 беттер), жәй қарындаштар	№ 7 ҰОҚ
	8	Р р дыбысы және әрпі	Р дыбысы және әрпімен таныстыру. Р дыбысы бар сөзге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Сөз ойлауға, сөйлем құрастыруға жаттықтыру. Жан-жануарлардың қысқа дайындығы туралы әңгімелесе отырып, жеміс-жидектер, көкөністер атауын бекіту. Құстардың жылы жаққа ұшып кететіндері, қыстап қалатындары туралы қысқаша түсінік бере отырып, құстар атауын көпше түрде айтуға үйретуді жалғастыру. Қол жаттықтыру жұмыстарын жүргізу.	Р р әрпі, текшелер, «Тілашар» 5+ 1-бөлім (Балапанның дәптері 33-35 беттер), жәй қарындаштар	№ 8 ҰОҚ

	9	Л л дыбысы және әрпі	Л дыбысы және әрпімен таныстыру. Өтілген дыбыстарды қайталай отырып, Л дыбысы бар сөзге дыбыстық талдау жасауға үйрету. «Құстар ауласында» тақырыбындағы сурет бойынша сөйлем құруға жаттықтыру. Үй жануарларын, төлдерін тануға, дұрыс атауға баулу. Балалардың тілдерін, ойын дамыту. Қол жаттықтыру жұмыстарын жүргізу.	Р р әрпі, текшелер, «Тілашар» 5+ 1-бөлім (Балапанның дәптері 36-39 беттер), жәй қарындаштар	№ 9 ҰОҚ
Қараша	10	У у дыбысы және әрпі	У дыбысы және әрпімен таныстыру. У дыбысы бар сөзге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Сөз ойлауға, дыбысты естуге жаттықтыру. Үй жануарлары және төлдерінің атауын бекіте отырып, адамға пайдасы туралы айту. Түбірлес сөздерді пайдалана отырып сөйлем құруға үйретуді жалғастыру (ет-етті, сүт-сүтті, май-майлы, т.б) Қол жаттықтыру жұмыстарын жүргізу.	Л л әрпі, текшелер, «Тілашар» 5+ 1-бөлім (Балапанның дәптері 41-46 беттер), жәй қарындаштар	№ 10 ҰОҚ
	11	Ш ш дыбысы және әрпі	Ш дыбысы және әрпімен таныстыру. Ш дыбысы бар сөзге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Сөз ойлауға, сөйлем құруға, сызба құрастыруға жаттықтыру. Түстер атауын бекіте отырып, мәні бойынша сөздерді сәйкестендіріп, сөз тіркестерін құруға жаттықтыру. Жер, су, әуе көліктерінің қажеттілігі туралы әңгімелесу. Балалардың сөздік қорын байыту. Қол жаттықтыру жұмыстарын жүргізу.	Ш ш әрпі, текшелер, «Тілашар» 5+ 2-бөлім (Балапанның дәптері 4-8 беттер), жәй қарындаштар	№ 11 ҰОҚ
	12	О о, Ө ө дыбыстары және әріптері	О, Ө дыбыстары және әріптерімен таныстыру. О, Ө дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Көлік түрлерін бекіте отырып, мамандық түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Сөз ойлауға, мамандық иесімен байланыстырып сөйлем құруға, сызба құрастыруға жаттықтыру. Қол жаттықтыру жұмыстарын жүргізу.	О о, Ө ө әріптері, текшелер, «Тілашар» 5+ 2, 3-бөлім (Балапанның дәптері 13-16, 37-40 беттер), жәй қарындаштар	№ 12 ҰОҚ
	13	Қ қ, К к дыбыстары және әріптері	Қ, К дыбыстары және әріптерімен таныстыру. Қ, К дыбыстары бар сөздерге дыбыстық талдау жасау. Мамандық түрлерімен таныстыруды жалғастыра отырып, қажетті құралдарымен іс-әрекеттеріне сәйкестендіріп сөйлем құруға үйрету. Сөйлем	Қ қ, К к әріптері, текшелер, «Тілашар» 5+ 2, 3-бөлім (Балапанның дәптері 17-20, 17-19 беттер), жәй қарындаштар	№ 13 ҰОҚ

			сызбасын құруға үйретуді жалғастыру. Сөзге жалғау жалғап, жаңа сөздер құруға үйрету. Балаларың сөздік мәдениетін сақтап, анық, таза сөйлеуін қадағалау. Қол жаттықтыру жұмыстарын жүргізу.		
Желтоқсан	14	Д д дыбысы мен әрпі	Д дыбысы және әрпімен таныстыру. Д дыбысы бар сөзге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Сөз ойлауға, «Қысқы ертегі» суреті бойынша сөйлем және оның сызбасын құруға жаттықтыру. Қарама – қарсы мағыналы сөздерді бекіту. Түбірлес сөздерді табуға үйрету. Қол жаттықтыру жұмыстарын жүргізу.	Д д әрпі, текшелер, «Тілашар» 5+ 2-бөлім (Балапанның дәптері 20-24 беттер), жәй қарындаштар	№ 14 ҰОҚ
	15	М м дыбыс және әрпі	М дыбысы және әрпімен таныстыру. М дыбысы бар сөзге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Сөз ойлауға, сөйлем және оның сызбасын құруға жаттықтыру. Буын ұғымын бекіту, оқуға жаттықтыру. «Жануарлар қалай қыстайды?» суреті бойынша әңгімелесу. Затты көпше түрде айтуды бекіту. Қол жаттықтыру жұмыстары.	М м әрпі, текшелер, «Тілашар» 5+ 2-бөлім (Балапанның дәптері 25-27 беттер), жәй қарындаштар	№ 15 ҰОҚ
	16	Б б дыбысы және әрпі	Б дыбысы және әрпімен таныстыру. Б дыбысы бар сөзге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Сөз ойлауға, сөйлем құрастыруға жаттықтыру. «Ағайынды айлар»суреті бойынша әңгімелесе отырып, жыл мезгілдерін, айларын бекіту. Жаңа сөздер құруға, оқуға жаттықтыру. Қол жаттықтыру жұмыстары.	Б б әрпі, текшелер, «Тілашар» 5+ 2-бөлім (Балапанның дәптері 29-31 беттер), жәй қарындаштар	№ 16 ҰОҚ
	17	С с дыбысы мен әрпі	С дыбысы және әрпімен таныстыру. С дыбысы бар сөзге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Сөз ойлауға, сызба бойынша сөйлем құрастыруға жаттықтыру. «Киім не үшін қажет» тақырыбында әңгімелесе отырып, сөздерді бірінші, екінші, үшінші жақта айтуға үйрету. Маусымдық киімдер, мата түрлері туралы түсінік бере отырып, киімнің қандай матадан тігілгенін айту. . Қол жаттықтыру жұмыстары.	С с әріптері, текшелер, «Тілашар» 5+ 2-бөлім (Балапанның дәптері 32-35 беттер), жәй қарындаштар	№ 17 ҰОҚ

Қаңтар	18	Ы, І дыбысы мен әрпі	Ы, І дыбыстары және әріп таңбаларымен таныстыру. Ы, І дыбыстары бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Ыдыстар атауларын дұрыс айтуға, бұл сөзімен сәйкестендіріп сұраулы сөйлем құруға үйретуді жалғастыру. Сызба бойынша сөйлем құруды бекіту. Қол жаттықтыру жұмыстары.	Ы ы, І і әріптері, текшелер, «Тілашар» 5+ 2, 3-бөлім (Балапанның дәптері 37, 21-24 беттер), жәй қарындаштар	№ 18 ҰОҚ
	19	Ж ж дыбысы және әрпі	Ж ж дыбысы және әріп таңбасымен, айтылу артикуляциясымен таныстыру. Ж дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға, басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге үйрету. «Ас атасы - нан» тақырыбындағы сурет бойынша әңгімелесу. Затты жекеше, көпше түрде айтуға жаттықтыру. Сызба бойынша сөйлем құруды, сөйлемге сызба құруды бекіту. Қол жаттықтыру жұмыстары.	Ж ж әрпі, текшелер, «Тілашар» 5+ 2-бөлім (Балапанның дәптері 37, 41-45 беттер), жәй қарындаштар	№ 19 ҰОҚ
	20	Ұ ұ, Ү ү дыбыстары мен әріптері	Ұ ұ, Ү ү дыбыстары және әріп таңбаларымен, айтылу артикуляциясымен таныстыру. Ұ, Ү дыбыстары бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға, басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге үйрету. Іс – қимылдарды білдіретін сөздермен сөз тіркестерін құруға, синоним сөздерді сөйлеу барысында қолдануға баулу. Сызба бойынша сөйлем құруды бекіту. Қол жаттықтыру жұмыстары.	Ұ ұ, Ү ү әріптері, текшелер, «Тілашар» 5+ 3-бөлім (Балапанның дәптері 5-8, 41-43 беттер), жәй қарындаштар.	№ 20 ҰОҚ
Ақпан	21	Е е, Ё ё дыбыстары және әріптері	Е е, Ё ё дыбыстары және әріп таңбаларымен, айтылу артикуляциясымен таныстыру. Е, Ё дыбыстары бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға, басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге үйрету. Жиһаз, электрлі бұйымдар туралы әңгімелесе отырып, сөйлем құруды бекіту. Қол жаттықтыру жұмыстары.	Е е, Ё ё әріптері, текшелер, «Тілашар» 5+ 3-бөлім (Балапанның дәптері 27, 13-16 беттер), жәй қарындаштар.	№ 21 ҰОҚ

	22	И и, Й дыбыстары және әріптері	И и, й дыбыстары және әріп таңбаларымен, айтылу артикуляциясымен таныстыру. И, й дыбыстары бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға, басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге үйрету. Не істейді сұрағына жауап беру арқылы сөйлем құруға үйретуді жалғастыру. Қол жаттықтыру жұмыстары.	И и, й әріптері, текшелер, «Тілашар» 5+ 2, 3-бөлім (Балапанның дәптері 8-12, 29-31 беттер), жәй қарындаштар.	№ 22 ҰОҚ
	23	З дыбысы және оның таңбасы	З з дыбысы және әріп таңбасымен, айтылу артикуляциясымен таныстыру. З дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға, басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге үйрету. Табиғат құбылыстары туралы әңгімелеуге баулу, ауа райы сөздерімен сөйлем құрастыруға жаттықтыру. Сызба бойынша сөйлем құруды, сөйлемге сызба құруды бекіту. Оқуға жаттықтыру. Қол жаттықтыру жұмыстары.	З з әрпі, текшелер, «Тілашар» 5+ 3-бөлім (Балапанның дәптері 33-35 беттер), жәй қарындаштар	№ 23 ҰОҚ
	24	Я дыбысы мен әрпі	Я я дыбысы және әріп таңбасымен, айтылу артикуляциясымен таныстыру. Я дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға, басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге үйрету. «Абай бол, жол!» тақырыбындағы сурет бойынша әңгімелесу. Түбірлес сөздерді табуға жаттықтыру. Сызба бойынша сөйлем құруды, сөйлемге сызба құруды бекіту. Оқуға жаттықтыру. Қол жаттықтыру жұмыстары.	Я я әрпі, текшелер, «Тілашар» 5+ 4-бөлім (Балапанның дәптері 9-11 беттер), жәй қарындаштар	№ 24 ҰОҚ
Наурыз	25	Юю дыбысы мен әрпі	Ю ю дыбысы және әріп таңбасымен, айтылу артикуляциясымен таныстыру. Ю дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға, басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге үйрету. «Біздің Отанымыз - Қазақстан» тақырыбындағы сурет бойынша әңгімелесу. Қайдан, қайда сұрақтарына жауап беру арқылы сөйлем құрастыруға жаттықтыру. Сызба бойынша сөйлем құруды, сөйлемге сызба құруды бекіту. Қол жаттықтыру жұмыстары.	Ю ю әрпі, текшелер, «Тілашар» 5+ 4-бөлім (Балапанның дәптері 13-16 беттер), жәй қарындаштар	№ 25 ҰОҚ

	26	Х дыбысы және әрпі	Х х дыбысы және әріп таңбасымен таныстыру, айтылу артикуляциясын меңгерту. Х дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға, басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге үйрету. «Біздің сүйікті қаламыз» тақырыбындағы сурет бойынша әңгімелесу. Қарама – қарсы мағыналы сөздерді түсініп айтуға баулу. Сызба бойынша сөйлем құруды, сөйлемге сызба құруды бекіту. Оқуға жаттықтыру. Қол жаттықтыру жұмыстары.	Х х әрпі, текшелер, «Тілашар» 5+ 4-бөлім (Балапанның дәптері 17-19 беттер), жәй қарындаштар	№ 26 ҰОҚ
	27	Һ дыбысы және әрпі	Һ дыбысы және әріп таңбасымен таныстыру, айтылу артикуляциясын меңгерту. Һ дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға үйрету. Қарама – қарсы мағыналы сөздерді түсініп айтуға баулу. Сызба бойынша сөйлем құруды, сөйлемге сызба құруды бекіту. Оқуға, сөзді буынға бөлуге жаттықтыру. Қол жаттықтыру жұмыстары.	Һ әрпі, текшелер, «Тілашар» 5+ 4-бөлім (Балапанның дәптері 20-21 беттер), жәй қарындаштар	№ 27 ҰОҚ
	28	Вв дыбысы және әрпі	В в дыбысы және әріп таңбасымен таныстыру, айтылу артикуляциясын меңгерту. В дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға, басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге үйрету. Сызба бойынша сөйлем құруды, сөйлемге сызба құруды бекіту. Оқуға, сөзді буынға бөлуге жаттықтыру. Қол жаттықтыру жұмыстары.	Х х әріптері, текшелер, «Тілашар» 5+ 4-бөлім (Балапанның дәптері 22-23 беттер), жәй қарындаштар	№ 28 ҰОҚ
Сәуір	29	Фф дыбысы және әрпі	Ф ф дыбысы және әріп таңбасымен таныстыру, айтылу артикуляциясын меңгерту. Ф дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға, басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге үйрету. «Ыстық елдің тұрғындары» тақырыбындағы сурет бойынша әңгімелесу. Жануарларды бір сөзбен сипаттап айтуға үйрету (жолбарыс азулы, қу түлкі...) Оқуға, сөзді буынға бөлуге жаттықтыру. Қол жаттықтыру жұмыстары.	Ф ф әріптері, текшелер, «Тілашар» 5+ 4-бөлім (Балапанның дәптері 24-26 беттер), жәй қарындаштар	№ 29 ҰОҚ

	30	Ээ дыбысы және әрпі	Э э дыбысы және әріп таңбасымен таныстыру, айтылу артикуляциясын меңгерту. Э дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға, басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге үйрету. «Қар мен мұздың арасында» тақырыбындағы сурет бойынша әңгімелесу. Қарама – қарсы мағыналы сөздерді түсініп айтуға баулу. Сызба бойынша сөйлем құруды, сөйлемге сызба құруды бекіту. Оқуға жаттықтыру. Қол жаттықтыру жұмыстары.	Э э әрпі, текшелер, «Тілашар» 5+ 4-бөлім (Балапанның дәптері 28-29 беттер), жәй қарындаштар	№ 30 ҰОҚ
	31	Щ дыбысы мен әрпі	Щ щ дыбысы және әріп таңбасымен таныстыру, айтылу артикуляциясын меңгерту. Щ дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға, басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге үйрету. «Суда не өмір сүреді?» тақырыбындағы сурет бойынша әңгімелесу. Түбірлес сөздерді табуға үйрету (теңіз – теңізші, теңізде...) Оқуға жаттықтыру. Қол жаттықтыру жұмыстары.	Щ щ әрпі, текшелер, «Тілашар» 5+ 4-бөлім (Балапанның дәптері 30-31 беттер), жәй қарындаштар	№ 31 ҰОҚ
	32	Ц дыбысы мен әрпі	Ц ц дыбысы және әріп таңбасымен таныстыру, айтылу артикуляциясын меңгерту. Ц дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға, басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге үйрету. «Біз циркке барамыз» тақырыбындағы сурет бойынша әңгімелесу. Оқуға, сөзді буынға бөлуге жаттықтыру. Қол жаттықтыру жұмыстары.	Ц ц әрпі, текшелер, «Тілашар» 5+ 4-бөлім (Балапанның дәптері 22, 33 беттер), жәй қарындаштар	№ 32 ҰОҚ
Мамыр	33	Чч дыбысы мен әрпі	Ч ч дыбысы және әріп таңбасымен таныстыру, айтылу артикуляциясын меңгерту. Ч дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасауға, басқа дыбыстардың ішінен айыра білуге үйрету. «Ормандағы серуен» тақырыбындағы сурет бойынша әңгімелесу. Түбірлес сөздерді табуға үйрету (орман – орманшы, орманды...). Оқуға, сөзді буынға бөлуге жаттықтыру. Қол жаттықтыру жұмыстары.	Ч ч әрпі, текшелер, «Тілашар» 5+ 4-бөлім (Балапанның дәптері 34-35 беттер), жәй қарындаштар	№ 33 ҰОҚ

	34	Ь – жіңішкелік белгісі	Ь – жіңішкелік белгісімен таныстыру. «Сәлем, жаз!» тақырыбындағы сурет бойынша әңгімелесу. Кеспе әріптерден буын, сөз, сөйлем құрастыруға үйретуді жалғастыру. Тыныс белгілерін қоюды үйрету. Оқуға жаттықтыру. Қол жаттықтыру жұмыстары.	Ь белгісі, кеспе әріптер, текшелер, «Тілашар» 5+ 4-бөлім (Балапанның дәптері 36-37 беттер), жәй қарындаштар	№ 34 ҰОҚ
	35	Ъ – айыру белгісі	Ъ – айыру белгісімен таныстыру, бұл белгінің қазақ тілінде қолданылмайтындығын, басқа тілдерден енген сөздерде айыру белгісі ретінде қолданылатындығын түсіндіру. «Алақай, каникул!» тақырыбындағы сурет бойынша әңгімелесу. Кеспе әріптерден буын, сөз, сөйлем құрастыруға үйретуді жалғастыру. Тыныс белгілерін қоюды үйрету. Оқуға жаттықтыру. Қол жаттықтыру жұмыстары.	Ъ белгісі, кеспе әріптер, текшелер, «Тілашар» 5+ 4-бөлім (Балапанның дәптері 36-37 беттер), жәй қарындаштар	№ 35 ҰОҚ
	36	Алфавит	Бұрынғы өтілген әріптердің бәрін көрсетіп, Қазақ алфавитінде 40 әріп және 2 таңба бар екендігін, алфавитте әріптің аты аталып, орын реті белгіленетіндігін, алфавит туралы ұғымды түсіндіру. Қол жаттықтыру жұмыстары.	Алфавит, «Тілашар» 5+ 4-бөлім (Балапанның дәптері 40-46 беттер), жәй қарындаштар	№ 36 ҰОҚ